

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасында Почта саласын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру жобасын егжей-тегжейлі зерттеуді дайындау бойынша техникалық көмек (грант) туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 3 қазан N 1085

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қарашадағы N 1716 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасында Почта саласын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру жобасын егжей-тегжейлі зерттеуді дайындау бойынша техникалық көмек (грант) туралы келісімінің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасындағы Почта саласын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру жобасын егжей-тегжейлі зерттеуді дайындау бойынша техникалық көмек (грант) туралы келісімге, қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, оны жасасуға уәкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі тартылатын грант қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз е т с і н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

3

қ а з а н д а ғ ы

N

1 0 8 5

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданды

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасында Почта саласын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін

**қалыптастыру жобасын егжей-тегжейлі зерттеуді дайындау бойынша
техникалық көмек
(грант) туралы келісім**

Келісім Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Үкімет" деп аталады) мен Ислам Даму Банкі (бұдан әрі "Банк" деп аталады), бірлесіп Тараптар арасында 2002 жылғы " ____ " _____ жасалды;

осы Келісімнің қосымшасында сипатталған Қазақстан Республикасының почта саласын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру жобасын егжей-тегжейлі зерттеуді қаржыландыру үшін Үкімет Банктен техникалық көмек сұрағанын ескере отырып, (бұдан әрі "Зерттеулер" деп аталады);

төменде анықталған шарттардың негізінде Банктің техникалық көмек беруге келіскенін ескере отырып;

осылайша, осымен тараптар төмендегілер туралы Келісім жасасты.

I-БАП

ГРАНТТЫҢ СОМАСЫ

Банк Үкіметке техникалық көмек грантын 178890 (жүз жетпіс сегіз мың сегіз жүз тоқсан) ислам динарынан аспайтын, шамамен 230000 (екі жүз отыз мың) АҚШ долларына тең сомада береді.

II-БАП

КЕЛІСУ

2 . 0 1 - б ө л і м

Үкімет осымен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін Консультантпен және Банкпен жұмыс істеу және осы Келісіммен Үкіметке жүктелген міндеттемелерді орындау үшін тікелей жауапты етіп тағайындайды.

2 . 0 2 - б ө л і м

Зерттеулер үшін атқарушы органы "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі "Қазпочта" ААҚ деп аталады) болып табылады. "Қазпочта" ААҚ Зерттеу жүргізу кезінде жергілікті шығындарды жабу үшін бірлесіп қаржыландыруға 60 000 (алпыс мың) АҚШ долларын береді.

III-БАП

ГРАНТ ҚАРАЖАТЫН ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

3 . 0 1 - б ө л і м

Грант сомасы Банктің төлем ресімдеріне сәйкес төленетін болады.

3 . 0 2 - б ө л і м

Грант қаражаты тек Зерттеулердің құнын жабу үшін шетел валютасында жұмсалатын болады.

3 . 0 3 - б ө л і м

Бірінші төлеуге арналған өтінімнің күні

Егер "Қазпочта" ААҚ мен Банк арасында келісілген 2003 жылғы 30 маусымға дейін немесе одан кейінгі мерзімде "Қазпочта" ААҚ Банкке бірінші төлем жасауға арналған өтінімді бермесе, Банк Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне тиісті жазбаша хабарламаны бергеннен кейін осы Келісімді бір жақты бұза алады.

3 . 0 4 - б ө л і м

Ж а б у к ү н і

Егер Гранттың кез келген бөлігі "Қазпочта" ААҚ мен Банктің арасында келісілген 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейін немесе кез келген одан кейінгі кезеңде төленбесе, Банк "Қазпочта" ААҚ консультациялар жүргізгеннен кейін Гранттың төленбеген бөлігін жоя алады.

IV-БАП

ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУ

4 . 0 1 - б ө л і м

Зерттеулер жүргізуде "Қазпочта" ААҚ жәрдемдесу мақсатында "Қазпочта" ААҚ Банкпен консультациялар жүргізу жолымен Банктің ресімдеріне сәйкес іріктеу жүргізеді және консультациялық қызметтерге келісім-шарт жасасады.

4 . 0 2 - б ө л і м

Консультант ұсыныстар беруге Консультанттарға шақырылғанға дейін "Қазпочта" ААҚ және Банк арасында жазбаша түрде келісілуі мүмкін осындай техникалық ұсынысты алады. Техникалық тапсырма "Қазпочта" ААҚ мен Банк арасындағы жазбаша келісу жолымен өзгертілуі мүмкін.

4 . 0 3 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ Банкпен бірлесіп іріктелген Консультантпен нәтижесі Үкіметпен және Банкпен түпкілікті келісудің мәні болып табылатын келіссөздер жүргізеді.

V-БАП

ҮКІМЕТ ПЕН АТҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

5 . 0 1 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ тиісті қаржылық және әкімшілік практикаларға сәйкес

Зерттеулердің уақтылы және тиімді өтуін қамтамасыз ету үшін Банкпен және
Консультантпен ынтымақтасады және бұл үшін, егер бұл Қазақстан Республикасының
заңнамасына қайшы келмейтін болса, Зерттеулерге қатысты барлық бар ақпаратты
Консультантқа беретін болады.

5 . 0 2 - б ө л і м

Зерттеулер үшін "Қазпочта" ААҚ жұмыстарды жүргізуге талап етілетін және
техникалық тапсырмада толығырақ көрсетілетін персоналды, жабдықтарды және басқа
да қызметтерді немесе ыңғайлы жағдайларды Консультантқа өтеусіз ұсынады.

5 . 0 3 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ Зерттеулерді жүргізу кезінде жәрдемдесу және Консультантпен
ынтымақтасу үшін толық жұмыс күніне білікті жергілікті қосымша персоналды
ұ с ы н а д ы .

5 . 0 4 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ жергілікті валютада Зерттеулердің құнын жабу үшін қажетті
қаражат көздейді, сондай-ақ оларды жүргізу кезінде туындауы мүмкін құнның кез
келген асып түсуін қаржыландыратын болады.

5 . 0 5 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ Консультантқа Банк негізді түрде сұрауы мүмкін мөлшерде және
нысанда есептер мен жобаларды, жоспарларды, сызбаларды, ерекшеліктерді, жұмыс
кестелерін және шығыстар сметаларын қоса алғанда, Зерттеулер мақсатында
Консультант дайындаған құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ басқа елеулі ақпаратты
Банкке ұ с ы н у д ы та п с ы р а д ы .

5 . 0 6 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ өз құзіреті шеңберінде және Қазақстан Республикасының
заңнамасына сәйкес Банктің тіркелген өкілдерінің Зерттеулерді жүргізуге байланысты
барлық жерге және үй-жайларға еркін кіруін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды
қ о л ғ а а л а д ы .

5 . 0 7 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ Грант қаражатын пайдалануды және Зерттеулерді жүргізу
барысын көрсету үшін (олардың құнын қоса алғанда) жеткілікті жағдайда есептер мен
жазбаларды жүргізетін болады немесе жүргізуді тапсырады.

5 . 0 8 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ жұмыс барысының толықтығын, кездесетін проблемаларды,
қабылданған іс-қимылдарды және мезгіл-мезгіл Банк сұрауы мүмкін мән-жайларды
көрсете отырып, тоқсан сайынғы есептерді Банкке беретін болады.

5 . 0 9 - б ө л і м

Консультанттың Түпкілікті есебі ұсынылған сәттен бастап 90 (тоқсан) күн ішінде "
Қазпочта" ААҚ Банкке осы Келісімге сәйкес Банк ұсынған және оның нәтижесінде
Зерттеулердің міндеттеріне қол жеткізілген техникалық көмектің нәтижелерін бағалау

жөнiндегi

есептi

бередi.

5 . 1 0 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ Зерттеулердiң мақсатына қол жеткізуге, оларға байланысты қызметтерге және осы Келісім бойынша міндеттемелердiң орындалуына ықпал ететін немесе ықпал ету қаупі бар кез келген жағдайлар туралы Банкті уақтылы хабардар е т е д і .

5 . 1 1 - б ө л і м

(а) Консультанттың сыйақысына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық салынатын болады. Консультанттарға төленген кез келген салықтар немесе баждар Грант қаражатынан төленбейдi және Үкімет пен "Қазпочта" ААҚ қ а р ж ы л а н д ы р а д ы .

(б) "Қазпочта" ААҚ өзінің қаржылық ұсынысын бергенге дейін Үкімет салатын барлық салықтар мен баждар туралы Консультантты хабардар етуге міндеттенеді.

5 . 1 2 - б ө л і м

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Үкімет:

(а) Зерттеулер жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және осындай аймаққа әкелінгеннен кейін, кейіннен ол жерден әкетілетін кез келген жабдықтарды, материалдарды немесе керек-жарақтарды (акцизделгеннен басқа) салықтардан, кедендік және басқа да баждардан босату;

(б) Зерттеулер және Консультант пен оның персоналының жеке қажеттілігі үшін қажетті кез келген жабдықтарды, материалдар мен керек-жарақтарды уақтылы кедендік ресімдеу. Атқарушы агенттік барлық ресми кедендік талаптарды уақтылы шешуге жәрдем көрсету шараларын қолға алады.

5 . 1 3 - б ө л і м

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Қазпочта" ААҚ:

(а) Консультантты және оның персоналын олардың Қазақстан Республикасында жүруі үшін талап етілетін қажетті кіру және шығу визаларының, уақытша тұру рұқсатының, шетел валютасына рұқсат пен жол жүру құжаттарының уақтылы ұ с ы н ы л у ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;

(б) Зерттеулер жүргізу үшін барлық қажетті рұқсат пен сенімхаттарды бөлу жөнiндегi шараларды қолға алады.

VI-БАП

ЕСЕП БЕРУШІЛІК ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

6 . 0 1 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ мен Банк мезгіл-мезгіл, тараптардың қандай да бірінің сұрауы бойынша техникалық көмек жөнiнде пікір алысатын және Консультант дайындаған кез келген есеп бойынша және осы есептерде ұсынылған кез келген ұсыныстарды іске

асыру бойынша консультация алатын болады.

6 . 0 2 - б ө л і м

Банк Консультант дайындаған кез келген есепті Банк қажет деп есептейтін кез келген мақсатқа пайдалана алады, бірақ, егер ол "Қазпочта" ААҚ мен Банктің арасында өзгеше келісілмесе, осы есептер жарияланбайды.

6 . 0 3 - б ө л і м

Осы Келісімге сәйкес Банктің жәрдемдесу шарттары Консультанттың кез келген ұсыныстарын іске асыруға қатысты Банкті Үкіметке қаржылай немесе одан әрі техникалық жәрдемдесуді жалғастыруға міндеттемейді.

VII-БАП

ХАБАРЛАМА

Бір тараптың екінші тарапқа жіберілген кез келген жазбаша хабарламасы, егер ол қолдан қолға немесе телефон желісі, почта немесе телекс бойынша мына мекен-жайлардың біреуі бойынша жіберілсе, онда ол тиісті түрде ұсынылды деп саналатын болады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін:
Қазақстан Республикасының Көлік және
коммуникациялар министрлігі

А б а й д а ң ғ ы л ы , 4 9
А с т а н а қ а л а с ы , 4 7 3 0 0 0

Қазақстан Республикасы

Телефон: (3172) 326277, (3172) 322994

Факс: (3172) 321058

И с л а м Д а м у Б а н к і ү ш і н
П о ч т а ж ә ш і г і : 5 9 2 5

Д ж е д д а х - 2 1 4 3 2

С а у д А р а б и я К о р о л ь д і г і
Телеграф: BANKISLAMI JEDDAN
Телекс: 6 0 0 1 1 3 7 I S D B S J

Факс: 6366871 JEDDAN

VIII-БАП

Осы Келісімге өзара келісім бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Кез келген енгізілген бұндай өзгерістер осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

IX-БАП

Осы Келісім бойынша түсінік беру немесе қолдану барысында даулар шыққан жағдайда, Тараптар оларды келіссөз жүргізу және кеңес беру арқылы шешетін болады.

Х-БАП

Осы Келісім Қазақстан Республикасының ішіндегі рәсімдерді орындау туралы Банк хабарлама алған күннен бастап күшіне енеді.

Жоғарыда айтылғандарды растай отырып, тараптардың уәкілетті өкілдері осы Келісімге ағылшын тіліндегі екі түпнұсқа данада, оның кіріспесінде көрсетілген күні қол қойды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін және атынан:

Қ а ж ы м ұ р а т Н а ғ м а н о в
Қазақстан Республикасының Көлік
және коммуникациялар министрі

Ислам Даму Банкі үшін және атынан

Қосымша

ЗЕРТТЕУЛЕРДІ СИПАТТАУ

Техникалық тапсырма мынамен тұжырымдалады:

1. Қазақстан Республикасының почта саласындағы басқарушылық және ұйымдастырушылық құрылымын зерттеу және оны жаңғырту үшін қажетті өзгерістерді және банкінг сияқты коммерциялық қызметтің бөлшек сауда секторын басқаруды қоса алғанда, коммерциялық өміршең ұйым үшін болашақ қарсы талаптарды ұсыну және т.б. . Почта қызметтерінің жұмысын жақсарту және кеңейту мақсатында қаржы ағындарының дамуын болжау және почта операциялары мен жедел почта қызметтерінің маркетингілік аспектілерін зерделеу.

2. Пайдалану шығыстарын азайту, кірісін ұлғайту коммерциялық операциялар үшін бюджет жүйесін дайындау үшін почта қызметтерінің қаржы бюджетін қарау және т а л д а у .

3. Қазақстан Республикасы почта қызметтерінің сенімді дерекқорына ие болу үшін мәліметтерді жинау іс-қимылын орындауды зерделеу.

4. Почта қызметтерінің негізгі функциялары үшін компьютерлендірілген Ақпарат Жүйесін Басқарудағы (АЖБ) қажеттілікті зерделеу, егер қажеттілік туындаса, Ұлттық және Аймақтық өкілдіктерде орнатылатын қажетті жабдықтар мен бағдарламалық қ а м т а м а с ы з е т у д і ұ с ы н у .

5. "Қазпочта" ААҚ банк операцияларын зерделеу және жақсарту түрлерін ұсыну.

6. Қазақстан Республикасы пошта қызметтерінің бар заңгерлік құрылымын зерделеп, қазіргі заманғы операциялар үшін тиісті заңдарға қажетті өзгерістер ұсыну.

7. Пошта қызметінің құрылымын зерделеу және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы пошта қызметтерінің жұмысына нормативтік-құқықтық реттеуге байланысты сәйкес ұсыныстар енгізу.

8. Почтаны жаңғыртудың бір бөлігі ретінде егжей-тегжейлі зерттеу: көтергіш жабдықтар (айырбасты көтергіштер, астына қоятын домкрат), сұрыптау машиналары, көшедегі пошта жәшіктері, Сату Жүйесінің бөлшек сауда нүктелері, екі радио жол (жергілікті жеткізу көлік құралдары үшін қауіпсіздікке қатысты, сондай-ақ жеделдетіп қызмет көрсету үшін жақсы) және т.б., сияқты қосымша жабдықтарды, яғни құны мен техникалық ерекшеліктері егжей-тегжейлі жазылған қажетті жабдықтың толық тізімін ауыстыру, жаңғырту немесе сатып алу қажеттілігі мен мүмкіндігін анықтау үшін алдын ала жасалуы тиіс.

9. Кадрларды даярлау және адам ресурстарын дамытудағы қажеттілікті зерделеу.

10. Почтаны өңдеуді толық автоматтандыру және Банк үшін жобалау құжаттарын қоса алғанда, ақша аударымдарының, жинақтау және сақтандыру қызметінің барлық түрлерін компьютерлендіру үшін үш сатыдан (қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді) тұратын инвестициялық жоспарды дайындау.